



EGEMEN QAZAQSTAN

Ататегін іздеуші архивке барады

Жақында Нұр-Сұлтан қаласы мемлекеттік архивінде Қазақстан Республикасы Президенті архивінің 25 жылдығына орай «Рухани жаңғыру: ашық қоғамға – ашық архив» дөңгелек үстелі өткен болатын. Іс-шараға аймақтық мемлекеттік архив басшылары, Назарбаев Университет, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу Мемлекеттік университеті филиалының қызметкерлері, тарихшы-ғалымдар, Ұлттық архив пен Қарағанды, Ақмола, Қостанай, Жамбыл облыстарынан архив мамандары қатысты. Төменде осы және генеалогиялық сұраныстарды орындаудың қазіргі таңдағы өзекті мәселелері туралы Нұр-Сұлтан қаласы мемлекеттік архивінің Ғылыми-зерттеу бөлімінің басшысы Ғазиза ИСАХАН әңгімелейді.



– Ғазиза Тұрмағанбетқызы, Қазақ елінің жүз жылдық саяси тарихынан сыр шертетін Қазақстан Республикасы Президенті архиві астаналық архивке аса құнды құжаттар коллекциясынан тарихи-құжаттық көрмені тарту еткен екен. Осы туралы толығырақ айтып берсеңіз.

– Мұнда Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынұлы, Тұрар Рысқұлов, Ораз Жандосов, Мұхтар Әуезов сынды танымал тұлғалардың 20-30 жылдардағы қолтаңбалары қойылған құжаттар, хаттар, 1925 жылғы КП Орталық Комитетінің Қазақ орталығын Орынбордан Ақмешіт (Перовск) қаласына көшіру туралы хаттама көшірмесі, 1929 жылы мемлекет өміріне

жаңа латын әліпбиін енгізу туралы есебі, жазушылар К.Паустовский, М.Зоценко, С.Мұқановтардың 1942 жылғы өмірбаяндары, кадрларды есепке алу туралы жеке парақшалары, 1962 жылы ұшқыш, Кеңес Одағының Батыры Ю.Гагариннің Қарағанды металлургия комбинатында БЛКЖО 14 съезі делегаттарымен бірге түскен суреті, (делегаттардың бірі – Нұрсұлтан Назарбаев), тың өлкесін игеру туралы деректер мен еліміздің тәуелсіздігін айқындайтын құнды жәдігерлер жинақталған.

«Дөңгелек үстелде» Қазақстан Республикасы Президенті архивінің директоры Ж.Әбдіқадырова мен Нұр-Сұлтан қаласы мемлекеттік архивінің директоры М.Бектембаев Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры», «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақалалары аясында жаңа серпінмен атқарылып жатқан іс-жобалар туралы айтты, алдағы жоспарымен бөлісті.

Сонымен қатар Президент архиві 1994 жылы 6 шілдеде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің отырысында Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың астананы көшіру туралы сөйлеген сөзінің мәтіні мен елорданың құрылу кезеңдерін көрсететін «Астана – тәуелсіздіктің жемісі» тарихи-құжаттық көрмесінің каталогын сыйға тартты. Қарағанды, Ақмола, Жамбыл облысы мемлекеттік архивінің директорлары Ж.Тұрсынова Т.Батырханов, Қ.Башенова, «Фактор» ЖЗК» ЖШС Бас директоры М.Ғаббасов және т.б. архивистер мен ғалымдар саланың өзекті мәселелері, Ұлттық архив қорын сақтау және пайдалану жұмыстарындағы жаңа ізденістер, ақылы қызмет көрсету жолдары, облыстық, аудандық архивтердің мүмкіндіктері жөнінде өз ойларын ортаға салды, өзара пікір алмасты.

Электронды архив жобасын жүзеге асыруда көшбасшы саналатын Президент архиві «Электронды архив» шеберлік-сыныбын өткізді. Қатысушыларға сертификат тапсырылды. Өз кезегінде Нұр-Сұлтан қаласының мемлекеттік архиві электронды оқу залының тұсаукесерін өткізді және архив құжаттарын цифрлау және индекстеудің түрлі амал-тәсілдерін көрсетті.

– «Архив – 2025» бағдарламасы қандай міндеттер жүктейді? Осы бағытта қолға алынған іс-шаралар жөнінде нақты не айтар едіңіз?

– Мұнда ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі кезеңді қамтитын барлық отандық және шетелдік мұрағаттар дүниесіне елеулі іргелі зерттеулер жүргізуге, архив деректерін барлық мүдделі зерттеушілер мен қалың жұртшылыққа қолжетімді болуы үшін оларды міндетті түрде цифрлы форматқа көшіру қажеттігіне, мектеп қабырғасынан бастап отаншылдық тәрбие беру, тарихи-археологиялық қозғалыстар құру маңыздылығына айрықша мән беріледі. Ең бастысы, түп-тамырымызды жетік білуге үндейді және мұны жүзеге асыру үшін алдымызға айқын мақсаттар қойып отыр.

«Отан – отбасынан басталады» деген сөз бар емес пе? Сол айтпақшы, әркім өз отбасының тарихын, өзінің ата-тегін білуге мүдделі. Тақырыптық,

биографиялық, генеалогиялық сұраныстардың көптеп түсе бастауы соның жарқын дәлелі болып табылады.

Өткен жылы Қазақстан Республикасының «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» заңына ақылы түрде қызмет көрсетуге құқық беретін бап енгізілді. Соның бірі – жеке және заңды тұлғалардың тапсырыстары бойынша генеалогиялық және тақырыптық сипаттардағы ақпаратты анықтау.

– Дамыған елдерде генеалогия саласына үлкен мән беріледі екен. Жеке ғылым ретінде жақсы дамыған сала делі еді. Ал біздің елімізде бұған жеткілікті көңіл бөлініп отыр деп есептейсіз бе?

– Генеалогия дегеніміз біріншіден, тектің шығуы туралы мәліметтердің жүйелі жинағы, екіншіден, бұл – туыстық қатынас туралы ғылым. Шығыс халықтарында халықтың шығу тегін, таралуын баяндайтын тарих ғылымының бір тармағы «шежіре» («шаджара» араб сөзі – бұтақ, тармақ) делінсе, ал қазақ ежелден өзінің ата-тегіне, ру шежіресіне айрықша мән берген. Шежіре – халықтың құрамына кіретін тайпа-рулардың тегін таратып, бір-бірімен туыстық дәрежесін айқындайтын тізбе. «Қазақта тасқа таңба басқандай анық шежіре жоқ. Естігенін ұмытпайтұғын құлағының тесігі бар, кеудесінің есігі бар, ұқпа құлақ жандар болған. Сондай жандардың айтуымен кеудесі хат, естігені, көргені жад болған қариялар кейінгіге ауыздан-ауыз алып айтумен үлгі-өсиет қалдырған», дейді Мәшһүр Жүсіп Көпеев бабамыз. Қазақтар «Жеті атасын білген ұл – жеті жұрттың қамын жер», «Өзің мың жасамасаң да, үрім-бұтағың мың жасайды» дейді, яғни ата-баба шежіресін, ататек тарату, ұрпақ тарату жүйелерін, атауларын жадында сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа үздіксіз жеткізіп келеді. Ататек тарату жүйесі Әке, Ата, Баба, Ұлы Ата, Ұлы Баба, Әз Ата, Әз Баба... ал ұрпақ тарату жүйесі – Бала, Немере, Шөбере, Шөпшек, Немене, Туажат, Жүрежат... болып дала заңымен бірге мәңгілік жасасып келе жатқан өмір көші.

– Ататегін білгісі келген әр адам сонда архивке жүгінуі керек пе?

– Генеалогия (тектану) туралы мәліметтер түрлі дереккөздердің, атап айтқанда, ауызша, жазбаша немесе жәдігерлер көмегімен анықталады. Генеалогиялық ақпарат көздері былай жүйеленеді: Отбасы архиві; Ауызша естеліктер; Архив, музей, кітапхана қорлары; Қорымдар, ескерткіш тақталар; Отбасы жәдігерлері.

Генеалогиялық ақпаратты зерттеу отбасы архивінен, ауызша дереккөзден басталады. Сондықтан тұлғаның алдымен туысқандарынан ақпарат алынады, бұл хабарлама қосымша мәлімет ретінде жинақталады. Мұны архив құжаттары арқылы нақтылап тексеруге болады. Фотоқұжаттар, түрлі наградалар мен грамоталар, куәліктер, хаттар, открыткалар, жеделхаттар, күнделіктер, естеліктер, жәдігерлер т.б. туысқандары берген деректер тектанулық зерттеуді жүргізуге пайдаланылады.

Сондықтан генеалогиялық ақпаратты архивтегі түрлі сипаттағы құжаттардан табуға болады. Генеалогиялық ақпараттың өзі бірнеше санатқа бөлінеді. Олар тегі мен туысқандығын дәлелдеу үшін жинақталған тек танулық құжаттама (мысалы, шежірелер, хандар тарихы); көпшілік сипаттағы ақпараты бар құжаттар (мысалы, метрикалық мәліметтер, халық санағының құжаттары); зерттеу, салыстыру барысында жеке тұлғалар туралы мәліметтерді толықтыратын басқа да құжаттама (мысалы, жеке құрам бойынша құжаттама).

Генеалогиялық (тектанулық) ақпаратты іздестіру үшін ең алдымен, қандай елді мекенге, уезге, губернияға немесе кеңес өкіметі кезінде қай ауданға, ауылға қатыстылығын анықтау маңызды. Бұл ретте әкімшілік-аумақтық бөлініс бойынша анықтамалықтар көмектеседі. Мысалы, 1918 жылға дейін Ақмола облысының орталығы Омбы қаласы болды, 1918 жылы Ақмола облысы Омбы губерниясы болып өзгертілді. 1921-1928 жылдар аралығында Ақмола губерниясының орталығы Петропавл қаласы болды. Аудан құрылуы нәтижесінде 1928-1930 жылдарда Ақмола округінің негізі қаланды. 1932 жылы қазіргі Ақмола облысының аудандары Қарағанды облысының құрамына енеді, орталығы Петропавл қаласы болады. Ал 1936 жылы Қарағанды облысының орталығы – Қарағанды қаласы, Солтүстік Қазақстан облысының орталығы Петропавл қаласы болып екіге бөлінді. Қазіргі Нұр-Сұлтан қаласы Қарағанды облысының құрамына енсе, 1939 жылы орталығы – Ақмола, кейін өз алдына жеке Ақмола облысы болып құрылды.

– Архивтен ататекке қатысты қандай құжаттарды табуға болады?

– Мысалы, азаматтық хал актілерін тіркеу бойынша 1912-1927 жж. Ақмола қаласы мен Семеновка, Максимовка, Романовка т.б. селоларға қызмет көрсеткен шіркеулер жазбалары, АХАЖ органдарының 1921-1936 жж. жазбалары сақталған. Кеңестік кезеңде 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейінгі архив құжаттарын бірорталықтандыру жөніндегі саясат негізінде ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басындағы метрикалық кітаптардың басым көпшілігі Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік архивінде сақтаулы. 1870-1917 жж. қамтитын Ақмола мешіттерінің метрикалық кітабы да сонда.

Генеалогиялық сұраныстарды іздестіруде ведомстволық архивтегі жеке құрам бойынша құжаттар үлкен рөл атқарады. Генеалогиялық зерттеу барысында көбіне әлеуметтік-құқықтық сипаттағы: тұлғаның қызмет өтілі, жалақысы, білімі, азаматтық жағдайы, мүлкіне қатысты деректер пайдаланылады. Кеңес өкіметі орнаған алғашқы жылдары жұмысқа орналасқан азаматтар мұқият тексерілген, арнайы сауалнамалар толтырылған. 1920 жылдардың соңында сауалнамалар қысқартылып, еңбек тізімдері жасалған. Ал 1930 жылы кадрларды есепке алу парағы; 1938 жылдан бастап еңбек кітапшасы енгізілген.

XX ғасырдың 30-40-жылдары Ақмола облысына адамдар күштеп қоныстандырылған. Қазақстанға – 800 000 неміс, 507 000 – Солтүстік Кавказ халықтары, 102 000 – поляк, 43 000 – грек, қырым татарлары, 19 000 корей отбасылары жер ауып келді. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Ақмола эвакуациялық орталыққа айналды, немістер жаулап алған аймақтардан, шекараға жақын өңірлерден қаншама адам көшірілді. Соғыстан соң, 1954 жылы тың және тыңайған жерлерді игеру науқаны басталды. Тағдыр тәлкегімен осы өңірге қоныс тепкен азаматтардың бүгінгі ұрпақтары тарапынан ата-тектерін анықтауға байланысты көптеп сұраныс түсуде. Тіпті соғыстан оралмаған жауынгерлердің бүгінгі ұрпақтары әлі күнге дейін ата-бабаларының тарихы туралы деректерді іздестіруде.

– Сұранысты орындау мерзімі қанша уақытқа созылады?

– Бұл сұратылған мәліметтерге, олардың сипатына, іздестіру ауқымына байланысты, шамалап айтсақ, орташа есеппен 2-3 айға созылады. Анықталған мәліметтер тұтынушының сұраныстарына сәйкес рәсімделеді.

– Құжаттардың электронды нұсқасы бар ма?

– Генеалогиялы (тектанулық) құжаттардың электронды қорын жасау архив үшін де, зерттеушілер үшін де өте пайдалы болар еді. Келешекте солай болады деген үміт бар. Бұл бағытта дамыған елдердің озық тәжірибесінен үйренетін үлгі көп. Мысалы, генеалогиялық ақпаратты ұсынудың озық тәсілі Швецияның Ұлттық архивінде орын алған, онда абоненттік төлем арқылы архивтің цифрланған мәліметтер базасына кіру мүмкіндігі бар. Ұлыбританияның Ұлттық архиві волонтерлардың көмегімен «Find my past» «Өткеніңді тап» жобасын іске асырды, Латвия мен Эстонияның Ұлттық архивтері еуропалық гранттың көмегімен «Радураксти» (Родословная, Латвия), «Сага» (Эстония) генеалогиялық мәліметтер базасын жасады. Бұлар – цифрланған шіркеу кітаптарының коллекциясы, халық санағының материалдары. Финляндия архиві метрикалық кітаптардың цифрланған көшірмелерін арнайы сервис әзірлеп, әркімнің қол жеткізуіне мүмкіндік туғызып отыр.

– Тағы қандай дерек көздеріне жүгінесіздер?

– Генеалогиялық ізденістерді жүргізгенде мәліметтер базасының көмегіне сүйенетін кездер де болады. Ресей Федерациясының Қорғаныс министрлігі әзірлеген Екінші дүниежүзілік соғыста қаза тапқан, хабарсыз кеткен кеңес әскерлері туралы мәліметі бар «Мемориал» жиынтық электронды мәліметтер базасының, Қазақстан Республикасы Президенті архивінің сайтында «Tutkyn.kz», «Asharshylyq.kz», «Кеңестік Қазақстанның номенклатуралық кадрлары. 1919-1991 жж.» мәліметтер базасының, Ішкі істер министрлігінің Кеңес

өкіметі кезінде контрреволюциялық мемлекеттік қылмыстары үшін қуғын-сүргінге ұшыраған, сотталған, кейін сот органдарымен ақталғандар туралы «Мемориал. Қуғын-сүргін құрбандары» мәліметтер базасының генеалогтар үшін көмегі зор.

Генеалогиялық сұраныстарды орындау – еңбекқорлықты, ықтияттылықты, ерекше дайындықты қажет ететін салмақты жұмыс. Архив қорының құрамы, тиісті ақпараты бар құжат түрлері, ғылыми-анықтамалық ақпарат автоматтандырылған жүйелер туралы білімді қажет етеді. Және орындаушының жұмысты ұйымдастыра білуіне тікелей байланысты. Соның барысында әрине тәжірибе жинақталады, генеалогиялық деректермен жұмыс істеу дағдылары қалыптасады.

– Жеке тұлғаларға ақылы қызмет көрсетіле ме?

– Генеалогиялық мәліметтерді тұтынушы архивтің оқу залында өздігінен жұмыс істей алады, сонымен қатар мұнда ақылы қызмет те көрсетіледі. Ол бекітілген баға көрсеткішіне сәйкес есептеледі. Ақылы қызмет көрсету үшін сұранысты орындау шарттары туралы тұтынушыға алдын ала ескертіледі. Генеалогиялық сұранысты орындау ақысы 4500 теңгеден басталады. Ақырғы құны анықталған ақпарат пен іздестіруге кеткен уақытқа байланысты есептеледі. Анықталған мәліметтер тұтынушының сұраныстарына сәйкес рәсімделеді.

– Генеалогиялық зерттеу жүргізуге не кедергі болып отыр?

– Бізде орталықтандырылған базалар жүйесі жоқ. Басқа архив қорлары туралы ақпаратты онлайн режимде қарау мүмкіндігі де шектеулі.

Осы ретте Азаматтық хал актілері жазбалары және отбасы құрамы туралы мәліметтері бар құжаттардың архиваралық көрсеткішін әзірлеуді заман талабы деп есептеймін. Нұр-Сұлтан қаласының мемлекеттік архивінде азаматтарға ақпараттық қызмет көрсету бойынша қазір генеалогиялық сұраныстарды орындау маңызды рөлге ие бола бастады. «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» дейді дана халқымыз. Сондықтан ең алдымен, осыларды реттеп алуымыз керек.

Әңгімелескен **Қарашаш ТОҚСАНБАЙ**